

# «МАХАМБЕТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіндегі «Махамбет» республикалық әдеби-мәдени, танымдық журналының тұсауқесер рәсімі жасалды.**



Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының тарихи қайраткер тұлғасы болумен қатар, елінің азаттығын көксеген күрескөр өрі рухты ақын. Еркіндік пен бұқараның әлеуметтік тәндігін қорғауда перзенттік парызы санаған өр Махамбеттің қысқа ғұмыры азаттық жолындағы күреспен байланысты өрбіді.

Махамбетеміржайлытолғаныстурасындағалымдар зерттеу жұмысын жүргізіп, әдебиет өкілдері елеңжыр арнап, қаламгерлер мақалаға пікірін сыйғызды. Батыр тұлға хақында қалам тербеудегі мақсаты – Махамбеттей көтеріліс көсемі, ақын, күйшінің ерлік істерін үрпақ жадына сінірту еді. Бүгінде «Болат медиа» ЖШС директоры Болат Батыр мен Х.Досмұхamedов атындағы Атырау университетінің профессоры Қадір Жүсіп М.Өтемісұлының жоқтаушысына айналып, журнал шығару бастамасын жүзеге асыруда.

Өнірімізде «Махамбет» журналының тұсауы ақын атындағы университете кесілуі үрпақ сабактастырын дәріптеген тарихи сәтпен тең. Айтұлы шарада өлкетанушы ғалым Жайсақ Ақбай, ақын, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының иегері Ақұштап Бақтыгереева, Қазақстан Жазушылар одағының БҚОФ төрағасы Бауыржан Халиолла, театр қайраткері Құжырғали Төлеуішов, «Махамбет» журналының құрылтайшысы Болат Батыр мен ақылдастар алқасының мүшесі, «Рухани жаңғыру» институтының директоры Абат Қыдыршаев қатысып, Атырау, Ақтөбе өнірінің ғалым-ұстаздары бейнебайланыс арқылы ортақтасты.

**Жалғасы 2-бетте.**

